Жылжымайтын мүлік қоры «Самұрық-Қазына»

Қордың Басқарушы компаниясына коммерциялық (тұрғын емес) жайларды бөлу үшін ұсынылатын құжаттар тізімі

Заңды тұлғалар үшін қажетті құжаттар тізбесі:

1. Өтініш беруші қол қойған тұрғын емес (коммерциялық) жайды жалға алу мақсатының қысқаша негіздемесі (еркін формада жазылады).

2. Жарғының түпнұсқасы мен көшірмесі.

3. Мемлекеттік тіркеу туралы куәліктің түпнұсқасы мен көшірмесі.

4. Салық төлеушінің тіркеу нөмірінің (СТН) түпнұсқасы мен көшірмесі.

5. Егер қызмет түрі лицензияланған болса, лицензияның түпнұсқасы мен көшірмесі.

6. Статистикалық карточканың түпнұсқасы мен көшірмесі.

7. Заңды тұлғалардың жеке куәліктерінің көшірмелері.

8. Бюджетке төленетін міндетті төлемдер бойынша қарыздардың жоқтығы туралы салық комитетінен алынған анықтаманың түпнұсқасы.

9. Коммерциялық (тұрғын емес) жайды жалға алу, не болмаса тұрғын емес жайды сатып алумен жалға алу немесе тікелей сатып алу туралы шарт жасау жөніндегі жалпы жиналыстың хаттамасы немесе дара қатысушының шешімі;

10. Заңды тұлғаның мөрімен куәландырылған бірінші басшыны тағайындау туралы шешімнің және бұйрықтың көшірмелері;

11. Басқарушы компанияға құжаттар тапсыруға берілген сенімхат.

Жеке кәсіпкерлер үшін қажетті құжаттар тізбесі:

1. Өтініш беруші қол қойған тұрғын емес (коммерциялық) жайды жалға алу мақсатының қысқаша негіздемесі (еркін формада жазылады).

2. Өтініш берушінің жеке куәлігінің түпнұсқасы мен көшірмесі.

3. Жеке кәсіпкерді мемлекеттік тіркеу (салық инспекциясында) туралы куәліктің түпнұсқасы мен көшірмесі.

4. Егер Өтініш беруші өз қызметін бір реттік талондар негізінде жүзеге асыратын болса, Өтініш берушінің салық төлеушінің тіркеу нөмірінің (СТН) түпнұсқасы мен көшірмесі.

5. Егер қызмет түрі лицензияланған болса, лицензияның түпнұсқасы мен көшірмесі.

6. Патент негізінде салық салуда патенттің түпнұсқасы мен көшірмесі.

7. Ықшамдалған декларация негізінде салық салуда бюджетке төленетін міндетті төлемдер бойынша қарыздарының жоқтығы турады Салық комитетінен алған анықтаманың түпнұсқасы.

Жеке кәсіпкер болып табылмайтын жеке тұлғалар үшін қажетті құжаттар тізбесі:

1. Өтініш беруші қол қойған тұрғын емес (коммерциялық) жайды жалға алу мақсатының қысқаша негіздемесі (еркін формада жазылады).

2. Өтініш берушінің жеке куәлігінің түпнұсқасы мен көшірмелері.

3. Өтініш берушінің салық төлеушінің тіркеу нөмірінің (СТН) түпнұсқасы мен көшірмесі.

4. Өтініш берушінің және онымен бірге тұратын оның отбасы мүшелерінің, басқа банктерде несиелер бойынша міндеттемелері болған жағдайда несиені өтеу кестесімен қоса берілген банктік несие шарттарының түпнұсқалары мен көшірмелері.

5. Өтініш берушінің және онымен бірге тұратын оның отбасы мүшелерінің соттық атқару қағаздары бойынша міндеттемелері болған жағдайда міндеттемелер бойынша сот шешімдерінің түпнұсқалары мен көшірмелері.

6. Өтініш берушінің әлеуметтік жеке кодының (ӘЖК) түпнұсқалары мен көшірмелері.

7. Өтініш берушінің жұмыс орнынан құжаттар тапсырған айдың алдындағы алты ай ішіндегі еңбекақысы туралы анықтамалардың түпнұсқалары.

8. Өтініш берушінің құжаттар тапсырған айдың алдындағы соңғы алты ай ішіндегі өзге табыстарын растайтын құжаттардың түпнұсқалары мен көшірмелері.

9. Өтініш берушінің құжаттар тапсырған айдың алдындағы соңғы алты ай ішіндегі зейнетақы аударымдары туралы көшірмелердің түпнұсқалары.

10. Неке туралы, некені бұзу туралы куәліктердің, зайыбының/жұбайының (жұбайы/зайыбы болған жағдайда) қайтыс болуы туралы куәліктің түпнұсқасы мен көшірмесі.

11. Балалардың (балалары болған жағдайда) туу туралы куәліктерінің түпнұсқалары мен көшірмелері.

Ескерту:

Заңды тұлғалар ұсынатын құжаттар тізбесінің 2 және 6 тармақтарында көрсетілген құжаттардың түпнұсқалары, жеке кәсіпкерлер ұсынатын құжаттар тізбесінің 2 ,6 және 9 тармақтарындағы, сондай-ақ жеке тұлғалар ұсынатын құжаттар тізбесінің 2, 6, 8, 10 және 11 тармақтарындағы құжаттардың түпнұсқалары оларды көшірмелерімен салыстырып тексерген соң Өтініш берушіге қайтарылады.

Осы қосымшаның 1 тармағында көрсетілген құжаттар тікелей сату, сатып алумен жалға алу және көлік орындарын жалға алу жағдайларында берілмейді.

Заңды тұлғалар ұсынатын құжаттар тізбесінің 1, 8 тармақтарында, жеке кәсіпкерлер ұсынатын құжаттар тізбесінің 1, 5-7 тармақтарында, сондай-ақ жеке тұлғалар ұсынатын құжаттар тізбесінің 1, 4-11 тармақтарында көрсетілген құжаттар тікелей сату, сатып алумен жалға алу және көлік орындарын жалға алу жағдайларында берілмейді.